

#12

(948)

26 мамыр

2023 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АЭС: ТАҢДАУ КІМГЕ ТҮСЕДІ?

**3-БЕТ**

ҚАЗАҚҚА ҚАЖЕТ ҚАҒИДАТ

**4-БЕТ**

3683 ШУМАҚ, 14732 ЖОЛ

**6-7-БЕТ**Қазақстанда
30 ЖЫЛ

Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында**the
human
energy
company**

BRENT \$76.16

USD 44,5 T

EUR 479,5 T

RUB 5,45 T

МӘЖІЛІС

АПТАНЫҢ ЖАУАБЫ

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары-
қаржы министрі:



«Екінші деңгейлі банктермен ақпарат алмасуға қатысты тиісті қадамдар жалғасып жатыр. Әзірге, нақты нәтиже жоқ. Бұл 2025 жылға дейін атқарылатын жүйелі жұмыс. Ешқандай тексеру болмайды, жеке тұлғалар мен бизнеске қысым жасалмайды. Мен оған кепілдік бере аламын.

Онлайн аударымдар жасайтын адамдардың тізімін жасауға қатысты: мемлекеттік кірістер комитеті өз еркімен ешқандай талаптарды енгізбейді. Мәліметтерді басқа мемлекеттік органдардың базасынан аламыз. Біздің ведомство өз бетінше мұндай қадамдарды жасай алмайды. Егер біздің құрылымда осыған біреудің қатысы болса, мен ол адамды жұмыстан шығарамын».

АПТАНЫҢ АПАҢЫ

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты:



«Қазір Солтүстік Арал теңізінің тартылуы өңір халқын қатты алаңдатып отыр. Кейінгі 12 жыл ішінде теңіз көлемі 8,5 млрд текше метрге азайған, яғни үштен бірінен айрылды. Суы тартылған теңіздің орнынан көтерілген тұз бүкіл Орталық Азия елдеріне зиянын тигізетін экологиялық апатқа айналды. Соның салдарынан судың тұздылығы 8-ден 13 грамм/литрге артқан. Ал егер судың тұздылығы 15 грамм/литрге жетсе, балық қырыла бастайды. 2020-2021 жылдары Арал ауданының аумағында қуаңшылық белең алып, 95 пайыз жайылымға шөп шықпай, жауын-шашын мүлдем болмаған. Теңізге Сырдария өзені арқылы құятын су көлемі де күрт азайды. Теңіздің тартылуынан 3 мыңға жуық балықшы күнделікті нәпақасынан қағылып, 9 балық өңдеу зауыты мен 14 шағын цехтің уақытша тоқтап қалу қаупі бар».

АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Маггерам МАГГЕРАМОВ,
Мәжіліс депутаты:



«Елімізде азық-түлікке салық енгізу керек. Соңғы он жыл ішінде мұндай салық Дания, Эквадор, Мысыр, Франция, Мексика, АҚШ және басқа да мемлекеттерде қабылданды. Медицина қызметкерлерінің мәліметінше, бұл тұрғындардың денсаулығына жағымды әсер етті. Өйткені зиянды тағамдарды тұтыну азайды.

СӨЗ-ЖЕБЕ

Гауһар ТАНАШЕВА, Мәжіліс депутаты:

«Елде әлеуметтік мұқтаж отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың бар екені белгілі. Жергілікті әкімдіктерде тұрғын үй алу кезегіне тұру үшін тұрақты тұрғылықты жері бойынша үш жылдан астам тіркеудің болуы міндетті шарт. Іс жүзінде халық ақылы тіркеу проблемасына тап болады: бұл сыбайлас жемқорлықты тудырады, заңсыздыққа итермелейді. Тұрақты,

жақсы жалақы алатын жұмыс керек. Соңғы алты айдағы отбасының жиынтық табысы жоғары болуы керек. Ипотеканы мақұлдауда несие тарихы оң болуы керек. Осы үш санаттағы отбасылар несие, шағын несиені өтеу мәселесіне жиі тап болады. Олардың барлығында



несие тарихында көрсетілген кешіктірілген төлемдер бар. Сондықтан олар ипотекаға пәтер сатып ала алмайды».

«ШЕШІНГЕН СУДАН ТАЙЫНБАС» ДЕЙДІ АТАМ ҚАЗАҚ. ҚАЗАҚСТАН АЭС САЛАМЫЗ ДЕП БЕЛДІ БЕКЕМ БУЫП ОТЫРҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ТІПТІ СОҢҒЫ БІР ЖЫЛДА ОСЫ ТАҚЫРЫП ЕҢ КӨП ТАЛҚЫЛАНАТЫН БОЛДЫ. СОНДЫҚТАН ҚАЗІР «ӨТЕ КҮРДЕЛІ ЖОБАНЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАМЫЗ?» ДЕГЕН ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗІП ЖАТЫР ЕКЕН. ЕҢ БАСТЫСЫ, «СОҚЫР ТАУЫҚҚА БӘРІ БИДАЙ» ДЕП БІР КОМПАНИЯҒА ЖАБЫСЫП ҚАЛҒАН ЖОҚПЫЗ. ДӘЛ ҚАЗІР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ БОЙЫНША ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ДЕГЕН ТӨРТ КОМПАНИЯСЫМЕН ІРГЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.

Олар: Францияның мемлекеттік EDF компаниясы, Оңтүстік Кореяның мемлекеттік KHNP компаниясы, Қытайдың Ұлттық ядролық корпорациясы (CNNC), Ресейдің мемлекеттік «Росатом» компаниясы.

Енді шорт-параққа іліккен осы төрт елдің бірін таңдаймыз. Себебі Қазақстанда салынатын АЭС қауіпсіздігі жағынан «үшінші буынды» болуы керек деген талап қойылған. Алып құрылысқа құлық танытқан компаниялардың ішінде осы төрттіктің технологиясы біздің талапқа сай келіпті. Әзірге нақты фаворит жоқ. Десе де, екі апта бұрын энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, АЭС бойынша франциялықтармен кездесті деген ақпарат тарады. Ол жиында Париж өкілдері біздің елде атом электр станциясын салу жобасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді.

Түркия тарихындағы алғашқы АЭС құрылысын салып жатқан

«Росатом» компаниясы да біздің нарыққа кіруге құлшынып отыр. Орыстар дәл қазір әлем бойынша 24 атом реакторын салып жатыр екен. Әлемнің өзге бірде-бір атом компаниясы мұндай қарқынды құрылысымен мақтана алмайды.

Ернат Бердіғұловпен және «ҚАЭС» ЖШС Бас директоры Тимур Жанткинмен кездесулер өткізді. Тараптар атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастықтың алдағы перспективаларын талқылаған. Қазақстанда АЭС

АЭС: ТАҢДАУ КІМГЕ ТҮСЕДІ?



Осыған қарап «Росатомның» тәжірибесі мол екенін байқауға болады. Бірақ ел ішінде АЭС құрылысын теріскейдегі көршілер жүргізсе, соларға тәуелді болып қаламыз деген қорқыныш бар. Алайда «Росатомға» санкция салқыны тиіп кетуі мүмкін деген сыбыс шыққалы, бұл күдік сәл де болса сейіле бастады.

Қазақстанда АЭС салуға Қытай да «кетәрі» емес. Егер CNNC компаниясы біздің елде салынатын атом электр станциясы жобасына қатысатын болса, өзіміз әзірлейтін ядролық отынмен жұмыс істеу мүмкіндігі туады. Бұл тіпті тиімді болайын деп тұр. Өйткені шикізат қоры бізде жеткілікті.

Ақпан айында корейлық KHNP компаниясының делегациясы Астанаға келді. Олар энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетовпен, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры

салу жобасы бойынша жобаларды қаржыландыру және техникалық жұмыстарды бірлесіп ұйымдастыру мәселелері қаралды. Өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыру туралы уағдаластықтар жасалды.

Осылайша Қазақстан тарапы АЭС салуға қауқарлы деген төрт елдің компанияларымен теңдей талқылаулар өткізді. Бірақ әзірге вендор таңдалған жоқ. Әлі де пысықтайтын тұстары көп. Соңғы сөзді, әрине, Ақорда айтады. 2029 жылға қарай елімізде электр энергиясының тапшылығы сезіле бастайды деген сарапшылар сөзіне сенсек, АЭС құрылысын көп кешіктірмей бастаған дұрыс. Он жылға созылатын мұндай ауқымды жобалар біздің елге керек-ақ.



Диас НҰРАҚЫН,
ЖУРНАЛИСТ

ОСЫ АЙДЫҢ БАСЫ. АУЫЛДАН УОТСАП АРҚЫЛЫ ВИДЕО ЖІБЕРІПТІ. КӨШЕДЕГІ АДАМДАР. ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ҰҚСАЙДЫ. БЕТ-ЖҮЗІ КӨРІНБЕЙТІН БІРЕУ КАДР СЫРТЫНАН ЖАНҰШЫРЫП, АТТАН САЛЫП ЖАТЫР. «АЛМАТЫҒА ҚЫТАЙЛАР ҚАПТАДЫ. МІНЕ, КӨРІНДЕР, ӘКІМДІКТИҢ ҚАСЫНДА ЖҮР» ДЕЙДІ. БҰЛ МАҢНАН КЕЙДЕ ТУРИСТЕРДІ КӨРУГЕ БОЛАДЫ. ТҮРЛЕРІ ҰҚСАС БОЛҒАНДЫҚТАН, ОЛАРДЫҢ ҚЫТАЙ НЕМЕСЕ АЗИЯНЫҢ КҮНГЕЙІНДЕГІ ЕЛДЕН ЕКЕНІН АЖЫРАТУ ҚИЫН. БІРАҚ БЕЛГІСІЗ ВИДЕО ТАРАТУШЫҒА БӘРІБІР СИЯҚТЫ. ОНЫҢ КӨЗДЕГЕНІ – ӨТІРІК ДАБЫЛ ҚАҒЫП, ЖҰРТТЫ ЖЕЛІДЕГІ ЛАҢНАН БЕЙХАБАР АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫНДЫ ҚОРҚЫТЫП, ҮРКІТУ.

Көп өтпей, тағы бір күмәнді дерек желдей есті. Шығыстағы көршінің бір сайтында «қазақтың жерін сатуға қатысты хабарландыру» жарияланыпты-мыс. Дәйек ретінде жыпырлаған иероглиф бейнеленген суретті алға тартады. Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл ақпаратты дереу жоққа шығарды.

Мемлекет басшысының Аспан асты еліне мемлекеттік сапары қарсаңында мұндай фейктердің тарауы кездейсоқ емес, әрине. Бұлай дейтініміз, Қытай азаматтарының елімізге визасыз 14 күнге келуіне рұқсат беретін келісім бұдан үш жыл бұрын жасалған. Содан бері ешкім тырс етпеп еді. Енді оның мерзімі 30 күнге дейін ұзартылды. Айрықша атап өткен жөн, жаңа құжатқа сәйкес, біздің

азаматтар да енді Аспан асты еліне бір айға рұқсат қағазсыз бара алады. Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, мәміле екі ел арасындағы іскерлік байланыс пен туристер санын еселеуге септігін тигізеді.

Ал бір мезетте таралған инфодемияны мылтықсыз майданның жойқын қаруы – медиамен сырттан, яғни арнайы

күшейіп кетеді деп күйгелектейді.

Осы сапар мен Сиань (Шиань) қаласында өткен Қытай – Орталық Азия мемлекеттері көшбасшыларының тұңғыш Саммиті (C+5), асыра айтқандық емес, ғаламдық саясаттағы алпауыттардың назарын баурап алды. Бір өрісті әлемде жер-жиһанға әмірін жүргізіп келген Америка

ҚАЗАҚҚА ҚАЖЕТ



орталықта иін қандырып, бүге-шігесіне дейін ескере отырып жасалған ақпараттық – психологиялық шабуыл деп жатса, таңқалмаңыз. Өйткені fake news үшін сайтты, өзге тілді, сондай-ақ «жалдамалаы жауынгерлерді» пайдалану замануи технология мен қыруар қаржыны талап етеді. Болмашы тиын-тебенге өтірікті шын деп жазатын жалғыз-жарым блогердің қолынан келетін тірлік емес бұл. Құйтырқы әрекетпен қоғамдық пікірді бей-жай қалдырмайтын екі мәселені қозғап, наразылық пен жер митингісіне меңзейтін мысықтілеу ниетін іске асырғысы келгенін аңғару қиын емес. Бұған қоса, бір оқпен екі қоян атып үйренген гибридік соғыстың сардарлары қанат жайған қазақ-қытай ынтымақтастығын осылай, тасадан тас атып, тежегісі келеді. Геосаясат тілімен нақыталасақ, олар Бейжіңнің біздің аймақтағы ықпалы

мен оның одақтастарының жайы мәлім: бәсекеге толы көп өрісті дүниені құп көрмейді. Ресейдегі қайсібір саясаткер мен сарапшы да мазасыз күйге түсті. Бұларды әрі-сәрі қылған – «Оңтүстіктегі бесеу енді теріс бұрылып кетпей ме?» деген сауал. Бір жетіден кейін Мәскеуде өткен Жоғары Еуразия экономикалық кеңесінің (ЖЕЭК) отырысы кезінде әлгілердің көңіліндегі күдікті қоюлатпаса, сейілте қоймаған сияқты. Қазақстан басшысы экономикалық одақта әр мемлекеттің ұлттық мүддесі ескерілуі қажетігін қатысушылардың қаперіне салған болатын. ЖЕЭК жиынындағы әңгімеге орай кейбір сарапшылар дүбара долбар мен боркемік болжамын тықпалауға тырысты. Осыған орай, Ақорда еліміздің қандай бір одақтық мемлекеттің құрамына кіруге ниеті жоқ екенін ашық мәлімдеді.

Сиан сапары жайында отандық және шетелдік ақпарат құралдарына сұхбат берген халықаралық сарапшы Әлкей Марғұлан қазақ – қытай серіктестігі қос тарапқа да тиімді өндірістік және энергетикалық мүддені көздейді деген пікірде. Былтыр өзара сауда айналымы көлемі 31 млрд долларға жетті. Бұл жолы жалпы сомасы

орыс орманы арқылы өтетін Солтүстік дәлізден 2,5 мың шақырымға қысқа. Ал Каспийдің күнгейін айналып, «мазасыз өңірлер» арқылы өтетін Оңтүстік дәліздің келешегі әзірге күңгірттеу. Осы және өзге де жәйттерді ескерсек, Қазақ даласы – Шығыспен Батыс арасындағы тасымалда оңтайлы һәм таптырмас күретамыр.

инвестия салған Бейжің осы өңірдегі елдерге 3,72 млрд долларды қаржылай көмек ретінде бөлетінін білдірді. Салыстыру үшін айта кетейік, биылғы ақпанда елімізге келген Мемлекеттік хатшы Энтони Блинкен АҚШ-тың 5 мемлекетке осындай мақсатпен 25 млн доллар беретінін айтып еді.

Қытайда жоғары деңгейдегі келіссөздер мен C+5 жиыны өтіп жатқанда Алматыда Қазақ елінің мұрындық болуымен Орталық Азия –Еуропалық одақ екінші экономикалық форумы ұйымдастырылды. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов атап өткендей, Кәрі құрлыққа жөнелтілетін отандық өнімнің көлемін арттыру

ҚАҒИДАТ

22 млрд долларды құрайтын 47 құжатқа қол қойылғанын ескерсек, көрсеткіштің өсетіні күмәнсіз.

Ұлы Жібек жолы бастау алған Сиан (Шиан) – «Бір белдеу, бір жол» атты алып бастаманың маңызды бекеті. Еліміздің логистикалық орталығын салу үшін дәл осы қаладағы құрғақ порттың таңдап алынуы бекер емес. Болашақта осы орталық Азия атырабы, Еуропа, Түркия және Иранға контейнер пойыздарын тікелей жөнелткенде негізгі хабқа айналады. Бұған дейін Ляниунган порты мен Қорғаста осындай хабтардың ашылғаны белгілі. Аягөз-Бақты теміржолын іске қосылып, Достық-Мойынты шойын жолы күрделі жөндеуден өткенде жыл сайын 20 млн тонна жүк тасымалдауға мүмкіндік туады. Осының өзі Астананың транзиттік тасымал мен көлік логистикасына айрықша мән беретінін көрсетеді. Бұл түсінікті де. Теңіздегі сауда жолынан жырақта жатқан елімізге (Landlocked Country), әсіресе, терістік көршіміздің бүйірінен қысқан санкциядан кейін саудасаттық қарқынын бәсеңдетпеу – кезек күттірмес міндет. Бұл ретте баламалы Транскаспий бағытының әлеуеті зор екенін айтқан абзал. Аспан асты елінен Кәрі құрлыққа жеткізетін төте жолдың ұзындығы

Еліміз, сонымен қатар, Ресейден бастау алып, Таяу Шығысқа қарай бет алатын Солтүстік-Оңтүстік дәлізінің Транскаспий бағытымен қабысқанын қалайды.

Мәртебелі меймандарын құшақ жая қарсы алған Қытай төрағасы Ши Зиңпин өз елінің Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігі, егемендігі мен жерінің тұтастығын сақтауға әрдайым қолдау көрсететінін мәлімдеді. Қ. Тоқаев Бейжіңнің ұстанымы еш өзгермейтінін, өзге мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау қағидатынан айнымайтынын тілге тиек етті. Мемлекет басшысы көкейкесті мәселеге орай «Қазақстан да Қытайдың Орталық Азияға қатысты жүргізіп отырған бейбіт сыртқы саясатын құптайды. Біз Бейжіңнің тұрақты дамуға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларын қолдаймыз. Орталық Азияның қашанда ынтымағы жарасқан, жасампаз аймақ ретінде дамығанын қалаймыз. Осы өңірді геосаяси текетірес алаңына айналдыруға қарсымыз», – деді.

Қазақстан мен Кіндік Азияның тек шикізат секторына ғана емес, инфрақұрылымына қомақты



көзделіп отыр. Тауар түрі 175-ке дейін көбейіп, экспорт ауқымы 2,3 млрд долларға ұлғаяды.

Әлемдегі геосаяси ахуал ушығып, санкция соғысы өршіген бүгінгі дүниеде дипломатия ең тиімді амал болып отыр. Тапқыр шешен айтатын от жаққан орны орыспен ормандас, қытаймен қыраттас, беталыс – бағыты Батыспен де бағдарлас Қазақ еліне бүгінде көпвекторлық саясатпен қатар экономикалық дипломатияға жүгіну – керекті де қажетті қағидат.



СМАЙЛОВ
ӘЛИХАН,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

**ҚАРАТАУДЫҢ БАСЫНАН КӨШ КЕЛЕДІ,
КӨШКЕН САЙЫН БІР ТАЙЛАҚ БОС КЕЛЕДІ.
ҚАРЫНДАСТАН АЙРЫЛҒАН ЖАМАН ЕКЕН,
ЕКІ КӨЗДЕН МӨЛТІЛДЕП ЖАС КЕЛЕДІ.
ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚ ЖАҚТАН КӨШ КЕЛЕДІ,
АТ ПЕН НАР ӘР КӨШ САЙЫН БОС КЕЛЕДІ.
АЙРЫЛҒАН ЖЕР МЕН СУДАН ҚИЫН ЕКЕН,
МӨЛТІЛДЕП ЕКІ КӨЗГЕ ЖАС КЕЛЕДІ.**

Атақты тарихшы, академик Манап Қозыбаев ерінбей есептеп шыққан жеті бөлімнен, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастанынан күні кешеге дейін біздің естіп, білгеніміз осы бір-екі шумақ еді. Әрине, кемелденген социалистік қоғамда оны бізге

оқытқан жоқ.
Тек «Алқакөл
сұлама,
ақтабан

3683 ШУМАҚ, 14732 ЖОЛ

«ЕЛІМ-АЙ» ӘН-ДАСТАНЫНА 300 ЖЫЛ

шұбырынды» заманында туған жыр деген мұғалім де, оқушы да білмеуге тиісті, тіпті білуге құмарлық та сезілмеген жалпы түсінік болды. Тәуелсіздік тұсында өсіп шыққан тұтас бір буынның басым бөлігі әлі де мұндай дастанның барынан беймағұлм. Бұған дейін де патша тұсынан басталып, кеңестік кезеңде де қатаң бақыланған цензураның тұсында да белгілі ғалымдардың еңбегімен біршама таныс болғанымызбен, бұл алапаттың себеп, салдары, маңызы, мазмұны толық ашылып айтылмайтын.


Қожаберген жырау «Елім-айдың» алғашқы нұсқаларын 1723 жылы жаза бастайды. Өзі айтқандай, 61-ге қараған жасының 41 жылын қырғынға өткізіп, қол бастаған сардар болған ол бұл соғыстың тұтану салдарын, оны өршітуге аса бейілді Ресей мен Қытайдың зұлымдығын, сұрқия саясатын жілік майын шағып талдайды. Айналып келгенде, кеңес кезінде аты ауызға алынбаған Қожаберген жырау кім еді?

Қожаберген (академик Қозыбаев Толыбайсыншыұлы деп жазғанды қолай көріпті) жыраудың тарихтың әр кезеңінен мол мәлімет беретін басқа іргелі еңбектерін былай қойғанда, «Жеті жарғы» авторының бірі ретінде, әрі «Елім-айымен» ұлт тарихында ұлы құбылыс

болып қалғаны сөзсіз. Дана адам келешек көгенкөздерінің жұмысын жеңілдетуді де ойлады ма екен, қиссаның кей тұстарында өзі жөнінде де мәлімет бере кетеді. «Тіліне араб, парсы жетік едім» дейді. Тәукенің тұтқа тұтар адамы тегін болсын ба, оны хан ием елшілік қызметке тағайындайды. Дала демократиясы мен дипломатиясының данагөйі, көреген саясаткер қазақ, қарақалпақ, ноғай біріккен әскери жасағының қолбасшысы, Әз Тәукенің оң қолы болды. Кейіннен кемеңгер қария Абылайға да бата береді. Абылайдың оң қолы Бұқардай көмекей жырау оны ұстаз тұтып, әйгілі «Ұстазыма» деген толғауын арнайды.

2000 жылдардың басында Қожабергентануға түрен түсті. Қалай, қайтіп? Алдымен кемеңгер Кекілбаевты тыңдап алайық.

«Солтүстік Қазақстанда көптен бері қолға алынбай жатқан, біреу өмірде болды, біреу өмірде болмады деп таласып-тартысып жүрген Қожаберген жыраудың бүкіл тұқым-теберімен,



әулие ұрпақтарымен бәрін қайта тірілген Бекет болды. Бекеттің сол қорды басқаруының арқасында Қожаберген даудан құтылды. Қожаберген шын мәніндегі ғылыми факторға айналды. Дәп осындай шаруалар республикамыздың әр түпкірінде істеліп жатыр», – деп еді Әбекең.

Әрине, халқымыздың тарихына қатысты іргелі еңбектер баршылық қой. Алайда «Елім-айдың» жөні бөлек. «Елім-ай» – Ұлы дала дәптеріне қылышпен жазылған қисса, шерлі шежіре. «Елім-ай» – намыс жыры, ұлттық рух пен идеяның қайнар көзі. Амангелді Айталық айтқандай,

Бір әннің, тағдырлы туындының мерейтойын атап өту үрдісі бұрыннан қалыптасқан. Бұл ретте кезінде орыстардың қыпшақ тарихына тұнып тұрған «Игорь жорығы туралы сөз» дастанының 800 жылдығын 1985 жылы академик Д.Лихачевтің басшылығымен қалай дүркіреп өткізгенін еске алсақ та болады. Оның жұмысына осы жырды аударған он академик жұмылдырылды. «Елім-айдың» жанрын зерттеушілер оны қисса, дастан, шежіреге де жатқызып, әр қилы пікір айтады. Қайсысы да дұрыс. Тарихы қалың, қатпарлы елден ұлы өнер туындылары көп

Мемлекет басшысы әрдайым өз сөзінде өткен тарихымызға, тарихи тұлғаларға құрметпен қарауға және бұл мәселеде популизм мен білімсіздікке жол беруге үндеп келеді. «Елім-айға» да осы көзқарас, қазіргі өркениетті даму тұрғысынан қарау қажет. Тарихыңды білу – рухани кемелденуге, рух биігіне жасалған ұмтылыс. Рухы биік ел ешқашан жеңілу, жалтақтау дегенді білмейді. Бұл реттегі көп ұсыныстың бірі – «Елім-айды» толық мәтінімен жоғары оқу орындарында, мектептерде оқыту, оқу бағдарламасына ендіру міндеттелуі керек.

Алдағы маусым айының 1-2-сі күндері Түркістан облысында ұлы дастанның мерейтойын атап өтуге арналған іс-шаралар басталады. Онда Созақ ауданы аймағында Қаратаудың баурайында «Елім-айға» тұғыртас орнатылады. Көрнекті ғалымдардың, зиялы қауым



«Елім-ай» – бірлік концепциясы. Ахмет Байтұрсынұлы «Сөздің ең сипаттысы, ұлысы тарих» дейді. Тарихтан тағылым түйіп, келешекке дұрыс бағдар жасау үшін бұл дастан әркімнің жазу үстелінен табылуы тиіс. Өйткені бұл ел бірлігі, алауыздықтан арылу, рушылдық, жүзшілдіктен тазаруға үндейтін, алаш баласына қалған аманат еңбек. Академик Қозыбаев оны «Илиада» мен «Одиссеяға» бекер теңемесе керек. Демек халықтың көз жасымен жазылған осынау алапат қиссаның 300 жылдығын ел көлемінде атап өту аса құптарлық іс.

шығады. «Елім-ай» ел санасына алдымен ән болып сіңісті. Бұл – құдіретті әуен, әуен һәм зар. Бәлкім, әу баста күй болып туып, сосын барып әнге айналуы да. Әуенінің өзі бір қойылым, спектакль. Кез келген тарих, оқиға өнер туындысына айналса (егер ол сәтті шықса) оның тыңдарманға, көрерменге рухани қуаты, ықпалы, әсері айтарлықтай нәтиже береді. Сондықтан оның балетке, операға, симфонияға сұранып тұрғанын айту ләзім. Жаңа Қазақстан тарихқа жаңа көзқарастан басталуы керек.

өкілдерінің қатысуымен ғылыми практикалық конференция өтіп, мүшәйра жеңімпаздары белгілі болады. Міне, осы іс-шара аясында әлгінде айтылған ұсыныстар толықтырылып, ғылыми тұрғыдан саралана түсері сөзсіз.



Қали СӘРСЕНБАЙ, ҚАЛАМҒЕР

АТАМНЫҢ АМАНАТЫ

Еуропа елдерінің өзінде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде опат болған он жеті мың қазақтың денесі жерленген. Аты-жөндері де белгілі. Олардың туған-туыстарын іздестіру өз алдына бір бөлек жыр. Ал есімдері беймәлім күйде қалғандары қаншама!».



...Сыр өңірінің тумасы Әбдрайым Жаманбаев соғысқа 1942 жылдың маусым айында аттанып, үш айдан соң қыркүйекте қаза табады. Сол уақытта артында қалған ұлы Алмас небәрі жеті жаста екен. Қара қағаз келгені болмаса, оның қайда жерленгені кешегі күнге дейін белгісіз болып келді. Бірақ ұлы үмітін үзбей, әкесі туралы әйтеуір бір дерек табылар деп өмір бойы іздеумен болды. Ақыры «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің арқасында үміті ақталды! Сексеннің сегізіне аяқ басқан кезде әкесінің Ленинград майданында қаза тауып, алдымен Липки селосында, сосын Синявино елді мекеніндегі бауырластар зиратына қайта жерленгені туралы естиді. Сол

ҚАЗАҚТЫҢ КЛАССИК АҚЫНЫ ЖҰМЕКЕН НӘЖІМДЕНОВТИҢ «ТОПЫРАҚ» АТТЫ ҒАЖАП ӨЛЕҢІ БАР. ОНДА СӘБИ ШЫР ЕТІП ЖЕРГЕ ТҮСКЕНДЕ ТҮБІ ӘЛГІ АДАМНЫҢ ҚАБІРІ ҚАЗЫЛАР ТҰСТЫҢ ТОПЫРАҒЫ ӘЙТЕУІР БІР БЕЛГІ БЕРУГЕ ТИІС ДЕГЕН ЕСКІ ИЛАНЫМ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛАДЫ. СОҒЫСТАН ӘКЕСІ ҚАЙТПАЙ ҚАЛҒАН АҚЫН СОЛ ӨЛЕҢІН БЫЛАЙША АЯҚТАЙДЫ: «ТҮБІ ҚАЙТЫП ОРАЛАР-АУ ДЕП БІЗ ДЕ, КҮТТІК, КҮТТІК – ӨТТІ, БІТТІ ҚАН МАЙДАН. КІМ БІЛЕДІ... ӘКЕМ СОҢАУ ШАЛҒАЙДАН БІР БҰРҚ ЕТКЕН ТОПЫРАҒЫН КЕТТІ ІЗДЕП?!».

80 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ: ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

хабарды ести сала, мамыр айының басында қасына қызы Күләшті ертіп, Алмас ақсақал Ленинград облысына аттанғанда тағы да жанынан «Atamnyn Amanaty» табылды. Қоғамдық бірлестік Ресейдегі әріптестеріне алдын ала хабарласып, бара жатқан отандастарымызға мүмкіндігінше қолдау көрсетуді өтінеді.

«Осы игілікті істің басы-қасында болған жергілікті іздестіру тобының өкілі Василий Бойкоға алғысымыз



шексіз. Туған жердің бір уыс топырағын ала келіп, қабір басында атамыздың рухына құран бағыштап, бауырластар зиратында жатқан барлық боздақтардың ерлігіне тағзым еттік. Ең бастысы әкемнің өмір бойғы арманы орындалды», – дейді Күләш Алмасқызы. Енді Әбдрайым Жаманбаевтың бейнесі мен аты-жөні жазылған ескерткіш тақтаны бейіт басына орнатуды Василий Бойкоға аманаттап кетіпті. Ол болса, орнатқан соң суретін салып жіберуге уәде берген көрінеді. Біздің бір ұққанымыз – ерлік ешқашан ескірмейді. Ерте ме, кеш пе, атамның аманаты да орындалады.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

**Бас редактор –
директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)